


КЕЛІСІЛДІ

Алматы қаласы ҚДБ-ның
ШЖҚ «Қалалық паллиативтік
көмек орталығы» КМК-ның
Бақылау кеңесінің төрайымы
 **Кунирова Н.Ж.**
«07» 2022 г.

БЕКІТЕМІН

Алматы қаласы ҚДБ-ның
ШЖҚ «Қалалық паллиативтік
көмек орталығы» КМК-ның
директоры
 **Аяганова А.С.**
«07» 2022 г.



ШЖҚ «Қалалық паллиативтік көмек орталығы» КМК-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық паллиативтік көмек орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсінорнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бекітілген қоғамдық қатынастардың жекелеген салаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды өзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарга сәйкес әзірленді.

1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты өзірлеуші шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық паллиативтік көмек орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны болып табылады.

1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт ШЖҚ «Қалалық паллиативтік көмек орталығы» КМК (бұдан әрі – Кәсіпорын) үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін құруға, Кәсіпорында сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеуінілік атмосферастына қол жеткізуға бағытталған.

1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаттары:

- 1) Кәсіпорын қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлышты қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және олардың теріс салдарларының алдын алу.

1.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

- 1) зандылық;
- 2) ашықтық;
- 3) этика;
- 4) жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлықтан қорғау;
- 5) мұдделер қақтығысының алдын алу.

2. КӘСІНОРЫН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ

2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт әсер ететін аумақта жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру кезінде міндettі:

1) заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алуға, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сактауға;

2) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне қарсы тұруға және оның алдын алу шараларын қабылдауға;

3) адад, әділ, қарапайым болуға, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен, әріптермен, пациенттермен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сактауға, сипайылық пен дұрыстық танытуға;

4) өзінің қызметтік өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде өздерінің міндettтерін орындауға байланысты материалдық игіліктерді, қызметтерді және өзге де артықшылықтарды қабылдамауға;

5) өз іс-әрекетімен және мінез-құлқымен жүртшылық тарапынан сын туғызбауға, сын үшін қудалауға жол бермеуге, сындарлы сынды кемшіліктерді жою және қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

6) жеке сипаттагы мәселелерді шешуге ықпал ету үшін өзінің қызмет бабын пайдаланбауға;

7) шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты таратпауға;

8) заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылық және өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеуге;

9) іскерлік этика, мораль, имандылық нормаларын сактауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың, Ішкі тәртіп ережелерінің және Кәсіпорынның басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сактауға.

2.2. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде міндettі:

1) тікелей басшыға мүдделер қақтығысының, қызметтік міндettтерін орындау кезіндегі жеке мүдделердің, сыбайлас жемқорлық мінез-құлышқа бейімддеудің және сыйлық алудың туындауы туралы хабарлауға;

2) қызметтік міндettтерін атқару кезінде жеке және пайдакунемдік мүдделерді басшылыққа алмауға;

3) әріптермен және басшылармен олардың бейтарап ресми шешіміне әсер етуі мүмкін қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын зансыз өтініштермен байланысдан аулақ болуға;

4) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермеуге немесе ынталандырмауға;

5) қызметтік өкілеттіктерді пайдалана отырып, қызметтестеріне, басшыларға және басқа да лауазымды адамдарға сыйлық бермеуге және мұліктік іғіліктер, жеңілдіктер немесе артықшылықтар алу үшін қызметтік емес қызмет көрсетпеуге;

6) мүліктік және мүліктік емес иғліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауға;

7) сыйбайлар жемқорлыққа қарсы күресте, сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенді болуға;

8) әріптестерінен жоғары құқықтық және сыйбайлар жемқорлыққа қарсы мәдениетті қолдауға және қолдауды талап етуге;

9) бағынышты лауазымды адамдардың міндеттері мен лауазымдық өкілеттіктерінің көлемін анық және нақты айқындауға;

10) бағынышты лауазымды адамдар арасында жұмыс жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеуге;

11) өз қызметтің нәтижелерін бағалауда, сондай-ақ көтермелеге мен жазалау шараларын қолдануда әділдік пен объективтілік көрсетуге;

12) қарамағындағы қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетті қорлау, әдепсіздік, дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге;

13) орындауы анық мүмкін емес немесе өзінің қызметтік міндеттерінің шегінен шығатын, сондай-ақ заңға қайшы келетін бұйрықтарды бермеуге;

14) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде өзінің қызмет бабын бағыныштылардың қызметтіне ықпал ету үшін пайдаланбауға;

15) қарамағындағыларды сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеуге;

16) қызметтік міндеттерін орындау кезінде әріптестер арасында туындаған мұдделер қақтығысын шешу бойынша кешенді шараларды уақтылы қабылдауға;

17) қарамағындағылардың және басқа да лауазымды тұлғаларының сыйбайлар жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілерінің алдын алуға және жолын кесуғе.

2.3. Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде міндетті:

1) кадрларды туыстық, қауымдық және жеке адалдық белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеуге, меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етуге;

2) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарын сақтауға;

3) жұмысқа қабылдау кезінде лауазымды адамдарға жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйым салулар мен шектеулерді түсіндіруге;

4) жұмысқа үміткерлерден еңбек шартын жасасу үшін маңызы жоқ құжаттарды талап етпеуге;

5) қызметкерлерге қатысты қызметтік тергеулерді объективті және жан-жақты жүргізуғе.

2.4. Медициналық қызмет көрсету кезінде міндетті:

1) медициналық көмек көрсетудің нақты процестерінің бекітілген стандарттар мен ережелерге сәйкестігін қамтамасыз етуге;

2) науқастарды ауруханаға жатқызу кезінде бюрократия мен қағазbastылық көріністерін болдырмауга;

- 3) ауруханаға жатқызудан негізсіз бас тарту фактілерінің алдын алуға;
- 4) стандарттарда көзделмеген құжаттарды талап етпеуге;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген қосымша талаптарды белгілемеуге.

2.5. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік және өзге де сатып алуларды жүзеге асыру кезінде міндетті:

- 1) сатып алуға жұмсалған қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсауға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге сатып алу рәсіміне қатысу үшін тен мүмкіндіктер беруге;
- 3) сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз етуге;
- 4) сыйбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға;
- 5) өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдауға құқығы бар ағымдағы сатып алулардың бастамашылары немесе ұйымдастырушылары болып табылатын Кәсіпорын қызметкерлерінің жақын туыстарының, жұбайларының немесе жекжаттарының (ерлі-зайыптыларының) әлеуетті жеткізуші ретінде тұрақты сатып алуларға қатысуына жол бермеуге;
- 6) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және борышкерлердің бірыңғай тізіміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) өзі тартқан қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеуге.

3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТТЫ БҰЗГАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

3.1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттары Кәсіпорын қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

3.2. Осы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты бұзганы үшін Кәсіпорын қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіптік, әкімшілік, жекелеген жағдайларда қылмыстық жауапкершілікке тартылады.